

Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданы Парыгино селолық округінің Бобровка және Теплый Ключ елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы Парыгино селолық округі әкімінің 2012 жылғы 01 маусымдағы N 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зырян аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 20 маусымда N 5-12-143 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2 тармағына, 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының

4) тармақшасына сәйкес Бобровка және Теплый Ключ елді мекендерінің тұрғындарының пікірін ескере отырып, Парыгино селолық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Келесі көшелерге төмендегідей атау берілсін:

Бобровка елді мекенінің орталығында орналасқан атауы жоқ көшеге - Таежный;
Теплый Ключ елді мекенінің орталығында орналасқан атауы жоқ көшеге - Луговой.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

П а р ы г и н о
округінің әкімі

с е л о л ы қ
Т. Владимирова